

KASE

АПТАЛЫҒЫ

02–05 мамыр
2023

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE "KASE day in Tashkent" [өткізді](#).
- KASE және CASE өзара ынтымақтастық туралы Меморандум [жасасты](#).
- KASE 2023 жылдың мамырына өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші кластарындағы бағалы қағаздарының тізімін [калыптастырды](#).
- KASE KASE индексі есептеу үшін өкілеттік тізімді [анықтады](#).
- KASE KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін акциялардың параметрлерін [өзгертті](#).
- "Банк Фридом Финанс Қазақстан" АҚ KASE мүшелігіне "қор" және "туынды құралдар" санаттары бойынша [кабылданды](#).
- KASE ресми тізіміне "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00009756](#) (MFRFb6) облигациялары, "КМФ (ҚМФ)" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00008550](#) (MFKMb2) облигациялары және АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық [облигацияларының](#) бес шығарылымы енгізілді.
- KASE ресми тізімінен "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ [XS1807299174](#), US48667QAR65 (KMGZe13) халықаралық облигациялары мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты, АҚШ Қаржы министрлігінің [US912796YW32](#) (US_27_2305) және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [XS1814831563](#), XS1814863335 (BRKZe9) халықаралық облигациялары айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты алынып тасталды.
- KASE-де Азия даму банкінің XS2610164944 (ASDBe15) халықаралық әлеуметтік облигацияларымен сауда-саттық [ашылды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 33,0 млн MEYKAM-72 14-ші шығарылымын ([KZKD00001210](#), MUM072_0014), 51,3 млн MEYKAM-96 13-ші шығарылымын ([KZKD00001202](#), MUM096_0013) және 36,8 млн MEYKAM-180 алтыншы шығарылымын ([KZKD00000535](#), tum180_0006) орналастырды.
- "Birinshi Lombard" ЖШС (Бірінші Ломбард) KASE-де жазылым жүргізу арқылы KZ2P00009277 (MFBLb1) облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 24,00 %-бен орналастыра отырып, 400,0 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009462 (KFUSb54) облигацияларын өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 18,25 %-бен орналастыра отырып, 9,3 млрд теңге [тартты](#).
- "Жайықмұнай" ЖШС NOSTRUM OIL & GAS PLC 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қызметінің операциялық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Жайқмұнай" ЖШС NOSTRUM OIL & GAS PLC акцияларының листингін тоқтата тұру туралы [хабарлады](#).
- АНОНС: 17 мамыр күні 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерді жариялау бойынша "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ конференциясы [өтеді](#).
- "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" АҚ 2022 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер [теледі](#).
- "Сентрас Секьюритиз" АҚ KZ1C00009562 (CSEC) жай акциялары бойынша 2022 жылға дивидендтер [теледі](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанында Өзбекстанға 10,7 мың тонна ресейлік мұнай транзитін [жүзеге асырды](#).



05.05.2023

KASE Индексі	3 599,59	Трендтер (%)	
		1,1	6,9
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Apple Inc.	174,00	3,3	4,7
AltynGold plc	876,99	3,1	11,0
АО "Қазақтелеком"	30 922,00	3,1	6,3
АО "Кселл"	1 921,86	2,7	7,6
АО "Народный банк Казахстана"	159,60	2,3	15,6
AT&T Inc.	18,04	2,3	- 7,3
АО Kaspi.kz	37 632,59	1,7	9,4
АО "ҚазТрансОйл"	759,80	0,6	17,3
АО "KEGOC"	1 627,00	0,6	1,5
АО "Банк ЦентрКредит"	514,99	0,2	11,1
Citigroup Inc.	441,51	-	0,2
АО "Банк ЦентрКредит"	684,90	- 0,0	0,8
АО "НК "ҚазМунайГаз"	10 100,00	- 0,3	7,4
АО "Казахстанская фондовая биржа"	18 000,00	- 0,4	4,0
АО "KM GOLD"	149,20	- 0,5	1,8
Freedom Holding Corp.	74,20	- 0,9	4,5
АО "БАСТ"	7 998,00	- 1,3	- 1,4
АО "НАК "Қазатомпром"	13 258,00	- 1,3	- 0,7
Intel Corporation	31,50	- 1,5	- 4,4
Tesla, Inc.	171,97	- 2,2	- 10,0
Ford Motor Company	13,50	- 4,0	- 0,2
Bank of America Corporation	27,77	- 5,2	- 4,0
АО "ForteBank"	4,34	- 5,2	9,3

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада инвесторлардың назарында АҚШ Федералды резервтік жүйесі мен Еуропалық орталық банктің отырыстары болды. Екі реттеуші де дисконттау мөлшерлемесін 25 тармаққа көтерді: ФРЖ 5-5,25 % аралыққа дейін, ЕОБ 3,75 % дейін. Орталық банктің басшылары пайыздық мөлшерлемелер ең жоғары деңгейге жеткен болуы мүмкін деп мәлімдеді, алайда қажет болған жағдайда мөлшерлемелердің одан әрі өсуі мүмкін.

Қатандату циклінің аяқталуына қарамастан, нарықтарда апта бойы шиеленіс сақталды, өйткені еуроймақ пен Қытайдың өндірістік секторларындағы іскерлік белсенділік индекстері бойынша статистика өндірістің үздіксіз қысқаруы туралы айтады. Сонымен қатар, АҚШ-тың тағы бес аймақтық банкі өтімділік мәселелерін және акциялар бағасының күрт төмендеуін тіркеді. Нәтижесінде – жетекші қор индекстері өткен аптада аздаған төмендеу үрдісін көрсетті, бұл ретте энергетика және қаржы секторы компанияларының акциялары бойынша ең көп төмендеу байқалды.

KASE-де жағымсыз сыртқы факторлардың әсері дивиденд маусымының күтулерімен тегістелді. Аптаның қорытындысы бойынша KASE Индексі 0,6 %-ға өсіп, 3 600 тармақ деңгейіне жақындады. Өсімнің негізгі драйверлері 3,1 %-ға өскен "Қазақтелеком", 2,3 %-ға өскен "Халық банкі"-нің және 1,7 %-ға өскен Kaspi.kz акциялары болды. Барлық үш компания мамыр айының соңында акционерлердің жылдық жиналысының таза пайданы бөлу туралы шешімін күтуде.

Сонымен қатар, "KEGOC" акционерлері өткен аптада компанияның жай акциялары бойынша 2022 жылдың екінші жартыжылдығында бір акцияға 50,59 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. Осылайша, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында бұрын төленген дивидендтерді ескере отырып, 2022 жылға төленетін дивидендтердің жиынтық мөлшері бір жай акцияға 116,03 теңгені құрайды. Осыған орай "KEGOC" жай акцияларының бағасы бір апта ішінде 0,6 %-ға өсті.

Дивидендтер төлеу туралы "QazaqGaz" ұлттық компаниясы, "Сентрас Секьюритиз" инвестициялық компаниясы және "ЛОТТЕ Рахат" кондитерлік компаниясы хабарлады.

Қазақстан қор биржасының борыштық нарығында өткен аптада "Birinshi Lombard" екі жылдық облигацияларды жазылым арқылы жылдық 24 %-бен орналастыра отырып, 400 млн теңге тартты. "Қазақстандық орнықтылық қоры" жылдық 18,25 % өтеуге кірістілігі бар және айналыс мерзімі 3 жыл болатын 9,3 млрд теңге сомасына облигациялардың бір шығарылымын орналастырды. "Қазақстанның Даму банкі" 100 млрд теңге сомасына өзінің халықаралық облигацияларын жоспарлы өтеу туралы хабарлады.

Өткен аптада өз облигациялары бойынша купондық сыйақыны "Қазақстанның Даму Банкі", "Банк ЦентрКредит" және басқа эмитенттер төледі.

Облигациялары KASE ресми тізімінде тұрған компаниялардың жылдық аудиторлық қаржылық есептілігін жариялау жалғасуда. Осы құжаттарға сәйкес "Jusan Bank" таза табысы 2022 жылы 2,3 есе 111,6 млрд теңгеге дейін өсті, ал "Home Credit Bank" таза табысы 45 %-ға 17,4 млрд теңгеге дейін төмендеген.

Мамыр айының басынан бастап мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де жалпы сомасы 109,8 млрд теңгені құрайтын, өтеуге дейінгі мерзімі 4 жылдан 7 жылға дейінгі және өтеуге кірістілігі жылдық 14 %-бен қазынашылық міндеттемелердің үш шығарылымын орналастырды.


KASE ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына өтелгенге дейінгі мерзімі бір жылдан аспайтын АҚШ Қаржы министрлігінің Халықаралық облигацияларының бес шығарылымы енгізілді.



Өткен аптада ақша нарығында айдың басталуы үшін TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі түзетіліп, бір апта ішінде жылдық 16,7-ден 16,06 %-ға дейін төмендеді. Айтпақшы, Қазақстандағы инфляция сәуір айының қорытындысы бойынша жылдық 16,8 %-ға дейін баяулады. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі мамыр айының басында жылдық 14,2 %-дан 15,26 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Bazалық мөлшерлеме Репо-1д Свop-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сәуір айының қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 453,21 теңгеге дейін 0,1%-ға әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 164 млн АҚШ долларынан 152 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3 млрд АҚШ долларын құрады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сатуы өткен айда шамамен 295 млн АҚШ долларын құрады. Квазимемлекеттік сектор компаниялары екінші деңгейлі банктер арқылы валюта нарығында дербес сатады.

Сәуір айында Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін валюта сату 600 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20%-ы және күніне 30 млн АҚШ долларынан аспады. Ұлттық қордың қаражатымен операциялар жүргізу кезінде Ұлттық Банк нарықта бейтарап қағидатын сақтайды. Бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді. Мұндай тәжірибе Ұлттық қордағы операциялардың валюта нарығына әсерін азайтуға мүмкіндік береді.


БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк сәуір айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 240 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 8%-ын құрады.

Ұлттық Банк сәуір айында валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Мамыр айында Ұлттық қордан сатудың нақты көлемі Қаржы министрлігінің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған өтінімдеріне байланысты болады. Қаржы министрлігінің қолда бар болжамды бағдарларының негізінде қажетті трансферттердің сомасы бойынша мамыр айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 750 млн АҚШ долларынан 800 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды жоспарлайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін мамыр айында 200 млн АҚШ долларынан 250 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатып алу күтіледі.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	561,32	-0,59	-0,45	0,57
— USDKZT	445,28	-1,79	-0,91	-3,75
— EURKZT	490,97	-1,45	0,20	-0,13
— CNYKZT	64,45	-1,60	-1,45	-3,51
— RUBKZT	5,80	3,02	0,53	-11,51

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 136,25	-0,8	1,1	-0,3	-0,9
Dow Jones	33 674,38	-1,2	0,6	2,0	-1,3
PTC	1 033,68	0,0	4,7	-7,7	-1,1
MMББ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-1,1
Hang Seng	20 049,31	0,8	-1,1	-3,6	0,9
SS CSI 300	4 016,88	-0,3	-2,1	0,2	-0,3
Euro Stoxx 50	4 340,43	-0,4	1,0	17,4	0,0
FTSEuroFirst	4 904,50	-0,5	1,1	10,0	-0,6
FTSE 100	7 778,38	-1,2	1,5	3,7	-1,1
KASE	3 599,59	1,1	6,9	22,9	

Шикізат нарығы

05.05.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	75,30	-5,3	-11,4	-32,1
Мұнай (WTI)	71,34	-7,1	-11,5	-34,1
Табиғи газ	2,14	-11,3	-0,8	-75,7
Мыс	387,15	0,0	-2,9	-9,6
Темір	818,00	-3,8	-14,4	-18,6
Алтын	2 016,79	1,3	-0,2	7,4
Күміс	25,74	3,0	2,8	14,9
Астық	647,00	4,4	-5,1	-41,0

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

10.05	<u>Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а / а) (сәуір)</u>	EUR	0,4%	0,8%
10.05	<u>Тұтыну бағаларының базалық индексі (ТБИ) (а / а) (сәуір)</u>	USD	0,4%	0,4%
10.05	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж / ж) (сәуір)</u>	USD	5,0%	5,0%
10.05	<u>Шикі мұнай қоры</u>	USD	-0,917M	-1,280M
11.05	<u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	245K	242K
11.05	<u>Өндірушілердің баға индексі (PPI) (м / м) (сәуір)</u>	USD	0,3%	-0,5%
12.05	<u>ЖІӨ (ж / ж) (1 тоқсан)</u>	GBP	0,2%	0,6%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	16,8%	01.05.23	18,1%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	37,6	01.05.23	36,1
Ақша базасы, млрд KZT	9 854,4	01.05.23	10 284,5
Ақша масса, млрд KZT	33 902,1	01.04.23	32 983,0

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 әлсіз 03.03.23 BBB-/A-3 негативті

Moody's

Baa2/әлсіз 11.08.21 Baa3/позитивті

FitchRatings

BBB/әлсіз 02.12.22 BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.